

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ҮЛГІСІ – АБАЙ,

ҰРАНЫ – АЛАШ

5-БЕТ | МЕРЕЙ

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

6-БЕТ | ҚОҒАМ

«ЗЕРДЕ» – ҮЗДІК МЕКТЕП

Елордалық №9 «Зерде» мектебінің биылғы 65 түлегінің барлығы жоғары оқу орындарында тегін білім алуға мүмкіндік беретін білім грантына ие болды.

Атап айтқанда, 42 түлек нәтижелері күні кеше жарияланған мемлекеттік білім грантының иегері атанды. Тағы 9 түлек Назарбаев университетіне оқуға түсті, ал 14 түлек әлемнің ТОП-50 үздік жоғары оқу орнының қатарына кіретін шетелдік университеттерде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, мектеп түлектерінің грантқа түсу көрсеткіші 100 пайызды құрады. Жоғары нәтиже оқушылардың жүйелі дайындығы мен ұстаздардың кәсіби еңбегінің үздік нәтижесін көрсетті.

ЫСТАНБҰЛҒА РЕЙС КӨП

Астана халықаралық әуежайынан Ыстанбұлға қатынайтын тұрақты рейстер саны артты.

Бұған дейін бұл бағыт бойынша аптасына 11 рейс орындалса, енді олардың саны 14-ке жетті. Осылайша, рейстер күн сайын екі рет орындалады. Рейс жиілігінің артуы жолаушыларға ұшу уақытын таңдауда қосымша мүмкіндік береді. Ыстанбұл арқылы Еуропа, Азия, Африка және Америка елдеріне әрі қарай ұшуға да болады. Жазғы маусымда Астанадан Антальяға да күн сайын тікелей рейстер орындалады. Бұл Қазақстан мен Түркия арасындағы әуе қатынасының жазғы кезеңдегі мүмкіндігін кеңейтеді.



ЕЛОРДАНЫҢ ЖАҢА ДАМУ БАҒДАРЫ

Үкіметтің 2026 жылғы 4 тамыздағы қаулысымен Астана қаласының жаңартылған Бас жоспары бекітілді. Астананың жаңартылған Бас жоспарын бекіткен Үкімет қаулысы 2026 жылғы 8 тамыздан бастап күшіне енді. Құжатта елорданың 2035 жылға дейінгі даму бағыттары белгіленген. Бас жоспар – қаланың алдағы дамуын айқындайтын негізгі құжат. Онда аумақтарды игеру, әлеуметтік нысандарды орналастыру, көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағыттары қамтылған. Құжатта үш кезең белгіленген: бастапқы кезең – 2025 жылғы 1 қаңтар; бірінші кезең – 2030 жыл; есептік мерзім – 2035 жыл.

1-СЫНЫПҚА ҚАНША БАЛА БАРАДЫ?

Биыл жаңа оқу жылында республика бойынша 380 мыңнан астам бала 1-сыныпқа барады деп күтілуде.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, қабылданған балалардың 296 мыңға жуығы мемлекеттік, 23 мыңға жуығы жекеменшік мектептерде білім алады. Болашақ 1-сынып оқушыларының 71%-дан астамы қазақ тілінде, 26%-дан астамы орыс тілінде, тағы 2,5%-ға жуығы басқа тілдерде білім беретін сыныптарды таңдаған. Құжаттарды қабылдау Оқу-ағарту министрлігі мен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен бұйрығы негізінде пилоттық жоба аясында жүргізілуде. Өтініштер 2026 жылғы 27 мамыр мен 31 тамыз аралығында бекітілген кестеге сәйкес кезең-кезеңімен қабылданады. 1-сынып оқушыларының ең көп саны Түркістан облысында – 50 мыңнан астам, Алматы облысында – 35 мыңнан астам, Астанада – 33 мың, Алматыда – 31 мыңнан астам және Шымкентте – 29 мыңнан астам болады деп күтілуде.

15-16
ТАМЫЗ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектер, ет, ұн және сүт өнімдері, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып алуға болады. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: «Keruen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ,
«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ИДЕОЛОГИЯСЫ АЯСЫНДА

ALMATY RUN

БҰҚАРАЛЫҚ ЖҮГІРСІ

15.08.2026

ОНЛАЙН ТІРКЕЛУ 12 ТАМЫЗ
КҮНІ САФАТ 09:00-ДЕ
REG.ELORDASPORT.KZ
САЙТЫНДА АШЫЛАДЫ.

ІС-ШАРА ӨТЕТІН КҮНІ САФАТ 06:00-
ДЕН 07:30-ҒА ДЕЙІН ТІРКЕЛГЕН
ҚАТЫСУШЫЛАРҒА СТАРТ ОРНЫНДА
ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІ ТАРАТЫЛАДЫ.

ЖАРЫСТЫҢ
БАСТАЛУ УАҚЫТЫ – 08:00

ЖҮГІРУ ҚАШЫҚТЫҒЫ:
6,2 КМ.

ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ:
1700

ҚАТЫСУ ТЕГІН.

10 ВЕЛОСИПЕД
ОЙНАТЫЛАДЫ.

ӨТЕТІН ОРНЫ:
ТРИАТЛОН САЯБАҒЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 537.23 \$ USD/KZT 465.74 ₸ RUB/KZT 5.62 ¥ CNY/KZT 69.05

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Атап айтқанда, көрнекті суретші, танымал өнер қайраткері Бәтима Зәуірбековаға «Отан» ордені, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайға І дәрежелі «Барыс» ордені, мемлекет қайраткері Александр Судынге ІІ дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Белгілі актер, көрнекті театр режиссері Нұрқанат Жақыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» атағы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Виктор Хильниченкоға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев марапат иелерін құттықтап, әрқайсысының ел үшін сіңірген еңбегіне жеке-жеке тоқталды. Президент ұлттық мәдениетімізді дамыту жолында көп еңбек етіп, бейнелеу өнерінде қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленген Бәтима Зәуірбекова отандық гобелен өнері мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман атанғанына назар аударды.

«Шығармашылығыңыз жоғары деңгейде мойындалып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдыңыз. Халқымыздың тарихын, бітім-болмысын, ою-өрнегі мен салт-дәстүрін дәріптеуге баса мән бердіңіз. Сіздің туындыларыңыз Алматы және басқа да қалалардың әйгілі ғимараттарына көрік беріп тұр. Туындыларыңыз



ҚАЙРАТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда төрінде өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, ұлт мүддесі үшін қажырлы қызмет етіп, халықтың ықыласына бөленіп келе жатқан бір топ азаматқа құрмет көрсетті.

өз елімізбен қатар шет мемлекеттерде сақталуда. Сіздің еңбектеріңізді әлемге белгілі мамандар өте жоғары бағалайды. Ұлттық өнер жолында салған дара жолыңыз жас буын азаматтары үшін тамаша үлгі-өнеге деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнап келе жатқан көрнекті ғалым, қарымды қаламгер Тұрсын Жұртбай төл тарихымыздың ақтандақ тұстарын зерттеп, халықтың сана-сезімін жаңғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

«Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, жан-жақты дәріптеуге зор еңбек сіңірдіңіз. Абай – ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану – қазақты тану деген сөз. Сіз Мұхтар Әуезовтің

және ұлт қайраткерлерінің мол мұрасы мен өнегелі өмірі туралы құнды ғылыми еңбектер жаздыңыз. Шоқтығы биік көркем шығармаларыңыз арқылы төл әдебиетіміздің құндылығын арттыра түстіңіз» деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетіміздің дамуына Тәуелсіздіктің елең-алаңынан бастап белсене атсалысып келе жатқан Александр Судынге алғыс айтты.

«Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген жылдары зор құрметке ие болдыңыз. Парламент Сенатының депутаты ретінде халық мүддесін қорғадыңыз. Вице-спикер және Сенат аппаратының басшысы ретінде қазақстандық парламентаризмнің дамуына қосқан үлесіңізді айрықша атап өткім келеді. Сіздің кәсіби еңбегіңіз жоғары бағаланып, Отанға адал қызмет етудің үлгісіне айналды» деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

«Көрерменнің көзайымы болған мазмұнды қойылымдарды сахналап, театр әлемінің нағыз майталманы ретінде танылдыңыз. Көптеген пьесалар мен фильмдерде түрлі рөлдерді шебер сомдап, халықтың ыстық ықыласына бөлендіңіз. Бүгінде жас таланттарды өнерге баулып, оларға бағыт-бағдар беріп келесіз. Руханият саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін өзіңізге шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кәсіби жолын агрономдықтан бастап «Хильниченко және К» серіктестігінің басшысына дейін көтерілген Виктор Хильниченконың агроөнеркәсіп саласын дамытуға қосқан үлесіне тоқталып, Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде жемісті қоғамдық қызмет атқарғанын да атап өтті.

«Ең бастысы, қол жеткізген жетістіктеріңізге тоқмейілсімей, алдыңызға жаңа әрі биік мақсаттар қойып келесіз. Аймақтың агроөнеркәсіп әлеуетін көтеруге қосқан зор үлесіңіз қандай бағаға болса да лайық» деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін түйіндей келе, қазір Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолына түсіп, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанына назар аударды.

«Ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданды. Біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдум өткіздік, жаңа Конституциямызды қабылдадық. Азаматтарымыз жаңа Ата заңды бірауыздан қолдап, дауыс берді. Қазақта «Береке бастауы – бірлік» деген жақсы сөз бар. Біз ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, еліміз де өсіп-өркендей береді. Көп ұзамай Қазақстан тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл ел өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Қазір науқан белсенді өтіп жатыр. Партиялар саяси мәдениеттің озық үлгісін көрсетуде. Алдымызда өте жауапты кезең тұр. Ұлт болып ұйысып, бір ел болып жұмыла еңбек етеміз деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛОРДАНЫҢ ЖАҢА ДАМУ БАҒДАРЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңғы. Басы 1-бетте)

ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАМТЫЛДЫ?

Жаңартылған Бас жоспарды әзірлеу кезінде Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуы, қала аумағының қазіргі пайдаланылуы, инженерлік және көлік инфрақұрылымының жағдайы ескерілген. Сондай-ақ елорданың Астана агломерациясымен байланысына назар бөлінген. Бас жоспарда қаланың әлеуметтік, демалыс, өндіріс, көлік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту бағыттары айқындалған. Сондай-ақ құжатта аумақтарды пайдалану тәртібі, құрылыс жүргізілетін және игерілмейтін жерлер, резервке қалатын аумақтар мен жер учаскелеріне қатысты мәселелер қамтылған. Құжатта табиғи және техногендік қауіп-қатерлерден қорғау, экология жағдайын жақсарту, су нысандарын ластанудан және сарқылудан сақтау, азаматтық қорғаныс пен көлік жүйесін дамытуға қатысты іс-шаралар да көрсетілген. Бас жоспардың негізінде қаланың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары, электр, жылу, газ және сумен жабдықтау, көріз және нөсер су жүйелерін дамыту схемалары әзірленеді. Сондай-ақ көлік сызбасы, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, тұрғын және өндірістік аумақтарды жаңарту бағдарламалары, қоғамдық кеңістіктер мен көгалдандыру жобалары дайындалады.

ХАЛЫҚ САНЫ 2,3 МЛН-ға ЖЕТЕДІ

2025 жылғы 1 қаңтардағы санақта Астанада 1 млн 528 мың адам тұрған. Бас жоспардағы болжамға сәйкес, 2030 жылы елорда халқы 1 млн 965,5 мың адамға, ал 2035 жылы 1 млн 275 мың адамға жетеді. Сол кезде еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың үлесі қала халқының 59,5 пайызын құрайды

деп болжанып отыр. 2025 жылдың басында Астанадағы тұрғын үй қорының жалпы ауданы 36 млн 685 мың шаршы метр болған. Тағы 33 млн 311 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Оның 15 млн 265 мың шаршы метрі 2030 жылға дейін пайдалануға берілуі тиіс. Сонымен қатар қаланы одан әрі дамыту үшін ескі және апатты үйлерді, саяжайларды, гараждарды және аз қабатты құрылыстарды бұзу қажет. Бас жоспарды жүзеге асыру барысында жалпы ауданы 1 млн 713 мың шаршы метр тұрғын үй қорын бұзу көзделген. Оның 484 мың шаршы метрі 2030 жылға дейін сүріледі. Бұзылатын нысандардың 95 пайызын жеке үй құрылыстары құрайды.

ҚАНША МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША ҚАЖЕТ?

Халық санының өсуіне байланысты әлеуметтік нысандарға деген қажеттілік те артады. 2035 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдарда 159194 орын қажет болады. Бұл қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 206 балабақша салу көзделген. Жалпы білім беретін мектептерде 2030 жылға қарай 182423 орын, ал 2035 жылға қарай 256170 орын қажет болады. Бас жоспарда 2030 жылға дейін 123 мектеп, ал одан кейін 2035 жылға дейін тағы 55 мектеп салу қарастырылған.

ЭКОЛОГИЯ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Бас жоспарды жаңарту кезінде 2035 жылға дейін қабылданған шешімдердің қоршаған ортаға әсері де бағаланған. Астанада ауа сапасына ең көп әсер ететін негізгі факторлардың қатарында автокөлік, жылу энергетикасы, жеке жылу көздері мен коммуналдық-тұрмыстық сектор көрсетілген. Ауаның ластануын азайту үшін тұрғын үйлер мен коммуналдық инфрақұрылымды газдандыруды жалғастыру, №2 жылу-электр орталығы мен №3 жылу-электр орталығын жаңғырту, қоғамдық көлік



пен Tarlan Astana жүйесін дамыту және көгалдандырылған аумақтарды көбейту жоспарланған.

ҚАНДАЙ ЖАҢА НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ?

Бас қаламыз Астана су қоймасы, Қаныш Сәтбаев атындағы канал және Есіл өзені арқылы сумен қамтамасыз етіледі. Қала өскен сайын су тұтыну көлемі артып, көріз жүйесіне түсетін жүктеме де көбейеді. Осыған байланысты тәулігіне 210 мың текше метр су өңдей алатын №4 сорғы-сүзгі станциясын салу жоспарланған. Сондай-ақ тәулігіне 35 мың текше метр су беретін «Нұра» жерасты су кен орнын игеру, 2-КОС және 3-КОС тазарту нысандарын, жергілікті тазарту құрылғыларын салу және нөсер суын тазарту жүйесін дамыту көзделген. Бұдан бөлек, су айдындарының арнасын және түбін тазарту, Нұра және Есіл өзендерінің аралығындағы аумақтарды су басудан қорғауға ерекше назар аударылады. Қаладағы су қоры жерлерінің жалпы аумағы 5,41 мың гектарды құрайды.

КӨЛІКТІҢ ШУЫ ДА ЕСКЕРІЛЕДІ

Астанада шу деңгейіне, негізінен, автокөлік қозғалысы, теміржол және

халықаралық әуежай әсер етеді. Екінші ұшу-қону жолағының іске қосылуы мен көлік желісінің кеңеюіне байланысты қалада шу деңгейі жоғары аумақтар артуы мүмкін. Сондықтан тұрғын үйлер мен қоғамдық нысандарды орналас-тыру кезінде шу деңгейіне қатысты шектеулер ескеріледі. Сонымен қатар қоғамдық көлікті дамыту, шу деңгейін төмендету іс-шараларын қабылдау және қаладағы шу деңгейін тұрақты бақылау қарастырылған.

ТАЛДЫКӨЛДІҢ БІР БӨЛІГІ САҚТАЛАДЫ

Қаладағы экология тұрғысынан құнды аумақтардың қатарына Есіл өзенінің жайылма аумағы, Талдықөл мен Майбалық көлдері, сулы-батпақты алқаптар және Астананың «жасыл белдеуі» енгізілген. Бас жоспарда Кіші Талдықөл көлдерінің №5, №7 және №9 учаскелерін сақтау көзделген. Сонымен бірге көгалдандырылған аумақтарды кеңейту және табиғи аумақтар құрылыс үшін алынған жағдайда оның орнын толтыруға бағытталған экология іс-шараларын жүргізу жоспарланған. Жердің бүлінуі мен су басу қаупін азайту үшін зақымданған аумақтарды қалпына келтіру, көгалдандыру жүйесін дамыту және қалдықтарды басқару нысандарының экология қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қарастырылған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАЙ БАҒЫТТА ДАМИДЫ?

Елорданың басты құжатында қоғамдық жолаушылар көлігін дамытуға жеке бөлім арналған. Бүгінде қалада жолаушы тасымалына қатысты негізгі жүктеме автобустарға түсіп отыр. Осыған байланысты Бас жоспарда қала ішіндегі жолаушылар тасымалы жүйесін айтарлықтай дамыту қажеттігі туралы айтылған. Құжатта жеңіл рельсті көлікті дамытудың арнайы схемасы қабылданып, желілер жолаушы легі көп болатын негізгі бағыттар бойынша тармақталған. Жоспар бойынша Tarlan Astana желілеріндегі әр жылжымалы құрамның сыйымдылығы – 650 жолаушы; 2035 жылға қарай 3 маршрут іске қосылуы мүмкін, оларға қызмет көрсету үшін 16 жылжымалы құрам жеткілікті. 2035 жылға қарай тәуліктік жолаушы тасымалы 1,5 млн адамға жуықтайды; тәуліктік тасымал көлемі 2,1 есе артады; жолаушыларға қызмет көрсету үшін жылжымалы құрам саны көбейеді. Қала жоспарында әрқайсысы 250 бірлік жылжымалы құрамға арналатын жаңа автобус парктерін ұйымдастыру үшін 11 гектардан 2 алаң, сондай-ақ перспективада 200 бірлік жылжымалы құрамға дейін дамыту резервімен (2035 жылға – 65 бірлік) трамвай паркін ұйымдастыру үшін 8 гектар алаң резервтеледі. Жаңа көлік парктерінің бәрін сол жағалау аумағында орналастыру ұсынылады.

ТЫҢ ЖОБАЛАРҒА ТАРТЫМДЫ ҚАЛА

Астана – жаңа жобаларды жүзеге асыруға зор мүмкіндік беретін қала. Елорда өскен сайын жаңа әлеуметтік нысандарға, заманауи инфрақұрылымға, жұмыс орындарына және сапалы қалалық қызметтерге деген сұраныс та артып келеді. Бұл бағыттағы жұмыста жеке инвестицияларды тарту маңызды рөл атқарады.

– Кезекті инвестшаб отырысында бірқатар жобаны қарадық. Олардың қатарында Қазақ интегративті медицина институтын салу жобасы бар. Сондай-ақ логистика саласындағы жобаларды, оның ішінде ауданы

150 мың шаршы метр логистика хабы мен 20 мың шаршы метр логистика орталығын салу жобаларын қарастырдық. Өнеркәсіп саласында жылына 1 мыңға дейін өнім шығаратын суару жабдықтарын өндіру кластерін құру



жобасы ұсынылды. Жобаларды №2 индустриялық парктің пулына енгізу мәселесіне де ерекше назар аударылды. Олардың қатарында жылына 80 мың тонна минералды мақта плиталарын өндіретін зауыт, сондай-ақ баламалы энергия көздері бар көлік құралдарын шығаратын, жылдық өндіріс қуаты 25 мың автокөлікті құрайтын кәсіпорын салу жобалары бар. Ұсынылған жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі 105 млрд теңгеден асады. Оларды іске асыру нәтижесінде шамамен 1,5 мың жаңа жұмыс орны ашылады, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

ГАЗҒА ОНЛАЙН ҚОСЫЛАДЫ

Энергетика министрлігі отын-энергетика кешенін цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыруда. Негізгі бағыттардың бірі – газ желілеріне қосылу рәсімдерін онлайн форматқа көшіру.

«QazaqGaz Aймақ» АҚ техникалық шарттарды (ТШ) алу қызметін цифрлық форматқа көшірді. Бүгінде жыл сайын түсетін 120 мың өтінімнің шамамен 80%-ы, яғни 95 мыңға жуығы онлайн режимде өңделеді.

Техникалық шарттарды беру қызметін онлайн форматта ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің алғашқысы – «QazaqGaz Aймақ» АҚ. Халық үшін бұл мүмкіндік 2023 жылдан бастап eGov порталы мен eGov Mobile қосымшасы арқылы қолжетімді болса, 2025 жылдан бастап заңды тұлғаларға да ұсынылды.



Биыл 1 шілдеден бастап жаңа тұтынушыларға қолайлы болу үшін техникалық шарттарды алу процесі толықтай онлайн форматқа көшірілді. Техникалық шарттар ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдерде беріледі: техникалық жағынан күрделі емес нысандар үшін – 5 күн ішінде, техникалық жағынан күрделі нысандар үшін – 10 күн ішінде. Келесі кезең – газ тарату желілеріне тікелей қосылу процесін, оның ішінде желіге қосу және газ жіберу жұмыстарын цифрландыру. «QazaqGaz Aймақ» АҚ бұл қызметтерді келесі жылы автоматтандырып, цифрлық форматқа көшіруді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта желілерге қосылу қызметі Астана қаласында қанатқақты режимде онлайн көрсетілуде.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елордадағы Ататүрік саябағында тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында кезекті рейд өтті.

– Астана қаласының Байқоңыр ауданында мұндай профилактикалық рейдтер тұрақты түрде өтіп тұрады. Міндетіміз – абаттандыру талаптарының

сақталуын бақылаумен қатар, тұрғындардың қоғамдық орындарға деген жауапкершілігін арттыру. Саябақтар, гүлзарлар және басқа да демалыс орын-

дары қала тұрғындары үшін таза, қауіпсіз әрі жайлы болуы керек. Сондықтан әрбір тұрғын қоршаған ортаға ұқыпты қарап, белгіленген талаптарды сақтауы



маңызды, – деді Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімі аппараты ішкі саясат бөлімінің басшысы Арман Баянбеков.

Елорда тұрғындары да мұндай іс-шаралардың қаладағы демалыс орындарының қолайлы әрі жайлы болуына ықпал ететінін атап өтті.

– Шаһар тұрғыны ретінде мұндай іс-шаралар қажет деп санаймын. Саябақтарға күн сайын баласын жетектеген отбасылар, жастар мен егде жастағы адамдар демалуға келеді. Сондықтан мұнда тазалық пен тәртіптің сақталғаны маңызды. Әр адам қоғамдық орынға ұқыпты қарап, артынан қоқыс қалдырмауы керек деп ойлаймын, – деді қала тұрғыны.

Қоғамдық орындардағы профилактикалық рейдтер қаланың барлық 6 ауданында жалғасын табады. Негізгі мақсат – заң бұзушылықтардың алдын алып, оларды анықтау ғана емес, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үндеп, тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтау.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханның төрағалығымен әлеуметтік қорғау және инклюзивті ортаны дамыту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Жиынға мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

ИНКЛЮЗИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Отырыста инклюзивті саясат пен білім беруді дамыту, медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру және басқа да мәселелер қаралды. Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда,

мектептер желісін кеңейту, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау, сондай-ақ олардың қоғам өміріне толыққанды араласуына қажетті жағдай жасау мәселелері көтерілді. Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың



тұрғын үй көмегін көрсету, әлеуметтік және оңалту қызметін дамыту, арнайы

өкілдері тиісті түсіндірмелер берді. Айтылған ұсыныстар алдағы жұмыста ескеріледі.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы өткізетін коммуналдық мүлікті жекешелендіру мәселелері бойынша 2026 жылғы 18 тамызда сағат 16:00-ге белгіленген жария тыңдаулар 2026 жылғы 21

тамызға сағат 11:00-ге ауыстырылады.

«Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №367-НҚ бұйрығына сәйкес, БАҚ өкілдерін аккредиттеу үшін astana@maslihat01.kz электрондық поштасына 2026 жылғы 19 тамыз сағат 18:00-ге дейін ресми сұраныс жіберу қажет.

Анықтама телефондары: 55-66-37, 55-66-31.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН, Астана қаласы мәслихатының төрағасы



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

«Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 6-турдың пыбын-шіркейлерді жою жұмыстары басталатыны туралы хабарлайды. Тел.: +7-707-300-50-30.

«Казахойлснаб» ЖШС, БИН 140640020231 жойылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады: Астана қ., Абай даңғылы 63, п. 70, тел.: 8-775-159-21-35.

АСТАНАНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров инспекциялық сапар аясында Астана қаласындағы бірқатар сайлау учаскелеріне барып, Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық барысымен танысты. Атап айтқанда, Астана қаласының сайлау инфрақұрылымының дайындығын, сайлау комиссиялары жұмысының ұйымдастырылуын, азаматтарды ақпараттандыру деңгейін, сондай-ақ сайлау құқықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайлардың жасалуын тексерді.



Сайлау учаскелерін тексеру барысында қазіргі уақытта Астана қаласында сайлаушылармен кездесулер өткізуге арналған 57 орын дайындалғаны атап өтілді. Саяси партияларға үгіт материалдарын орналастыру үшін арнайы бөлінген 85 ақпараттық стенд ұсынылған. Елордада сайлауды өткізуге 524 сайлау комиссиясы жұмылдырылады, олардың құрамына 4 263 сайлау комиссиясының мүшесі бар. 520 сайлау учаскесі, оның ішінде 117 уақытша сайлау учаскесі дайындалды. Барлық учаскелер қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, барлық сайлау учаскелерінде дауыс беру күнінде онлайн-сервисстер қолжетімді болады. Бұдан бөлек,

сайлау күні 30 шағын ХҚКО іске қосылады деп жоспарлана нуда. Инспекциялық сапар аясында Нұрлан Әбдіров №100, 104, 105, 323 сайлау учаскелерінің жұмысымен танысты. Барлық сайлау учаскелері байланыспен, сумен, электр желілерімен толық қамтылған. Бірақ дала ыстық, учаскелер іші қапырық. Сондықтан Нұрлан Әбдіров желдеткіш немесе салқындатқышпен қамтуды ұсынды. Жедел медициналық көмекті де көбірек үйлестіруге кеңес берді. Сайлау күні 30 шағын халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Онда дауыс берушілердің белгіленген учаске тізімінде тіркелмеу мәселесі дереу шешіледі.

– Материалдық-техникалық

жағынан әрбір 10 мыңнан аса елдегі учаскенің қамтылуы – тікелей әкімдіктердің міндеті. Занда солай көрсетілген. Сол әрбір бөлме қауіпсіздікпен толық қамтамасыз етілу керек. Бізде әрбір учаске тиісті актімен ТЖМ өкілдері жергілікті жердегі өзінің актісімен дәлелдеп беру керек. Иә, бұл қауіпсіз, мұнда жұмыс істеуге болады дегендей. Дауыс беру күніне біз сақадай сай болуымыз керек, – дейді Нұрлан Әбдіров.

Сайлаушылар тарапынан туындаған сұрақ жауапсыз қалмауы тиіс. Мәселен, учаске іздеу, одан тыс жерде дауыс беру, call-орталықтардың жұмысы, мүгедек жандар үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігі бәрі назардан тыс қалмау керек.

Сапар аясында Астана қаласының мемлекеттік органдары өкілдерімен және аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерімен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау және өткізу мәселелері бойынша кеңес өтті. Кеңесте алдағы сайлау туралы халықты ақпараттандыру және дауыс беру күні жұмысты сапалы ұйымдастыру шараларына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін алу, өз сайлау учаскесін іздеу, учаскеден тыс жерде дауыс беру, call-орталықтардың жұмысы, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Орталық сайлау комиссиясының отырысында Құрылтай сайлауына тағы 405 шетелдік байқаушы аккредиттелді.

БАЙҚАУШЫЛАР САНЫ АРТТЫ

– 2026 жылғы 12 тамыздағы жағдай бойынша Орталық сайлау комиссиясына Сыртқы істер министрлігінен 7 шет мемлекеттен, 9 халықаралық ұйымнан 405 бақылаушыны аккредиттеуді ұсынды. Атап айтқанда, ТМД байқаушылары миссиясынан – 75, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясынан – 23, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымынан сайлауды байқау жөніндегі миссиясынан – 208, Еуропа кеңесі Парламенттік ассамблеясынан – 23, Түркі мемлекеттері ұйымы байқаушылары миссиясынан – 10, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы байқаушылар миссиясынан – 22, ШЫҰ

байқаушылары миссиясынан – 11, АӨІСШК байқаушылары миссиясынан – 9, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымынан – 7, Литва, Түркия, Грузия, Солтүстік Македония, Эстония, Нидерланд Корольдігі және Тәжікстаннан – 17 байқаушы – деді отырыс барысында ОСК төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман.

Оның мәліметінше, халықаралық байқаушыларды аккредиттеу әлі де жалғасып жатыр. Ұсыныстар келіп түсуіне қарай байқаушылар туралы деректер жаңартылып отырады. Бүгінгі таңда Құрылтай депутаттарын сайлауға Орталық сайлау комиссиясы 656 халықаралық байқаушыны аккредиттеді.



ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАЙДЫ

Сайлау комиссиялары өз қызметінде азаматтардың дербес деректерін қорғауға ерекше мән береді. Бұл тәсілдің элементтерінің бірі – арнайы трафареттің пайдаланылуы. Ол бірнеше сайлау науқанынан бері қолданылып келеді.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, трафаретті сайлаушылардың жалпы тізіміне қойған кезде, азамат тек өзіне қатысты дербес деректерді көреді және тиісті бағанға қол қояды.

– Бұл жаңашылдық сайлаушылардың деректерін қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды деп санаймын, – деп атап өтті Нұрлан Әбдіров.

Төраға сайлаушылар арасында дауыс беру кезінде есептен шығару куәліктерін пайдалану тәртібі жөнінде кең көлемде түсіндіру жү-

мыстарын жалғастыруды тапсырды.

– Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін ашық, әрі үйлесімді жұмыс істеуге, сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге және азаматтардың сайлауға қатысу конституциялық құқығын іске асыруына жан-жақты жәрдемдесуге шақырамын. Әрқайсыңыздың кәсіби әрі жауапты жұмысыңыз азаматтардың сайлау құқықтарының сақталуына, сайлаудың заңдылық және жариялылық қағидаттарының қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты – дейді Нұрлан Әбдіров.

БӘРІНЕ БІРДЕЙ ҚОЛАЙЛЫ

Еліміз бойынша 9 015 сайлау учаскесі қолжетімділік картасына енгізіліп, әр нысанның мүгедектігі бар адамдар үшін қаншалықты ыңғайлы екеніне талдау жүргізілді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті атқарушы органдармен және сайлау комиссияларымен бірлесіп жүргізген мониторинг нәтижесінде 1 333 учаскеде қосымша бейімдеу жұмыстарын жүргізу қажет екені анықталды. Бұл жұмыс дауыс беру күніне дейін жалғасады.

Мүгедектігі бар адамдар үшін сайлау учаскесінің қолжетімділігі тек кіреберістегі пандуспен шектелмейді. Маңыздысы – әр

азаматтың учаскеге өздігінен, кедергісіз кіріп, ғимарат ішінде еркін қозғалып, дауыс беруге қажетті барлық құралдарды пайдалана алуы. Азаматтардың қажеттілігіне қарай сайлау учаскелерінде мынадай жағдайлар қарастырылады: пандустар немесе көтергіш құрылғылар, көмек шақыруға арналған батырмалар, тактильді көрсеткіштер, ені белгіленген талаптарға сәйкес келетін есік ойықтары, жеткілікті жарықтандыру, арнайы



автотұрақ орындары, көру және есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған арнайы құралдар, Брайль қарпімен

жазылған ақпараттық материалдар, ымдау тілі мамандары мен тифлосурдоаудармашылардың көмегі.

САЙЛАУ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ОҚЫТТЫ

Елордада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алдағы Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық жүргізу және өткізу мәселелері бойынша Астана қаласының сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған семинар өтті.

Іс-шарада елорда аудандарының аумақтық сайлау комиссияларының, сондай-ақ қаланың учаскелік комиссияларының төрағалары мен орынбасарлары бас қосты.

Оқу семинарына учаскелік комиссия мүшелері арасынан бес жүзге жуық адам қатысты. Олар командаларға бөлініп, тобына ат қоя отырып өзара жарысқа түсті. Қаланың әр ауданынан ортаға шыққан қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан берілген әртүрлі тапсырмаларды орындады. Семинар-тренингтің тақырыптары «Сайлау барысындағы бақылаушылардың рөлі», «Бақылаушылардың

өкілеттіктері: құқықтық аспектілері», сондай-ақ «Сайлаудағы бақылау процесі» туралы болды. Тыңдаушыларға сайлау заңнамасының негізгі нормалары түсіндірілді. Олар әдістемелік материалдармен, дауыс беру және дауыс санау кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері бойынша нақты нұсқаулықтармен танысты.

– Біз сайлау процесінің барлық қатысушылары үшін оқыту семинарларын өткіземіз. Бірақ бүгінде практикалық сабақтарға баса назар аударылады, өйткені комиссия мүшелері алдағы сайлауда үлкен жұмыс атқаруы керек. Сайлау процесінің ашықтығы олардың

әрекеттеріне байланысты болады – деді ҚР ОСК электоралды оқыту ұйымының бөлім меңгерушісі Ерлан Абдақасов.

Семинар модераторы, Астана қаласы бойынша аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Сайран Ысқақова қатысушыларға кейстерді талдап, қандай да бір іс-қимылды жүргізу алгоритмін түсіндіруді ұсынды.

– Астанада сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту процесін 7 шілде мен 21 тамыз аралығында біз 1209 адамды оқытып болдық. Олар – учаскелік сайлау комиссиясының басшылық құрамы, алған білімін арнайы тест тапсыру арқылы бекітіп, жақсы нәтиже көрсетті. Енді 7 тамыз-



дан бері комиссиялар мүшелерін оқытуды бастадық – деді С. Ысқақова.

Бұл күнгі оқыту семинарына барлығы 474 адам, соның ішінде аудандардың 36 аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері және 438 учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары қатысып, бәрі бір адамдай

семинардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Олар төтенше бір жағдай туындағанда шын мәнінде не істеу керектігін көрсетіп, әрбір жағдайды шынайы басынан өткергендей күйге түсті. Сол арқылы алдағы сайлауда қандай жағдай туындаса да сақадай сай болатындай дайындығы пысықталды.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

Тұрсын Жұртбайдың әдеби ортаға ақын ретінде қадам басқаны жөніндегі бірқатар деректер бар. Қаламгердің өлеңдер тобы алғаш рет 1969 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланып, кейінгі жылдары «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында да жарық көрді. Шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде 1978 жылы «Қоңыр қаз», 1980 жылы «Жүрегімде – жұмыр жер» атты жыр жинақтары жарыққа шығып, ақынның әдеби ортадағы орнын бекіте түсті.

Тұрсын Жұртбай поэзиясының тақырыптық аясы кең. Ақын өлеңдерінен өмір мен өнер, азаматтық ұстаным, ұлттық сана, туған жер, табиғат, адам жаны мен сезім иірімдері қатар көрініс табады.

Ақындық ізденістің осындай кең тынысы кейін қара сөзде жалғасын тапты. Проза саласындағы көркем туындылары «Аяныш», «Ғазиз анам», «Ән», «Бір уыс жусан», «Түйешінің қызы», «Болашақтың бәйтерегі», «Шіл өзен қамыс-ай», «Бір тошала хикаясы», «Бесқарагер», «Қар астындағы көбелек» тәрізді әңгіме, новелла, хикаят және нокторн жанрындағы шығармаларымен толығады. Бұл туындылардың қай-қайсысында да жазушының адам тағдырына, оның жан әлеміндегі арпалыс пен толғанысқа ден қоятыны анық байқалады.

Тұрсын Жұртбай прозасының басты ерекшелігі – адамның сыртқы әрекетінен гөрі ішкі әлеміне үңілуінде. Кейіпкердің жан толқынысы, сағынышы, өкініші мен қуанышы ішкі монолог, естелік, лирикалық шегініс арқылы табиғи өріледі. Жазушы кейіпкер тағдырын қоршаған орта, уақыт және өмір шындығымен сабақтастырады.

Тұрсын Жұртбайдың жазушылық болмысын айқындай түсетін көлемді шығармаларының бірі – «Жер-бесік» роман-новелласы. 1976 жылы жазылған туындыда ХХ ғасыр басындағы ел басынан өткен ашаршылық, босқышылық, саяси қысым мен ұлттық рухтың күйзелісі Кербала тағдыры арқылы суреттеледі. Қаламгер жеке адамның өмір жолын суреттеу арқылы тұтас бір дәуірдің кескін-келбетін танытады.

Тұрсын Жұртбайдың сыншылық қыры оның әдебиет тарихын зерттеуге бет бұруымен сабақтас қалыптасты. 1980-1990 жылдары «Жұлдыз» журналының сын бөлімінде әдеби қызметкер, кейін бөлім меңгерушісі болған қаламгер сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің көркемдік даму үдерісін жіті бақылап, әдеби қозғалыстың өзекті мәселелерін сын сүзгісінен өткізді. Осы жылдары «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын», «Жетісу» секілді мерзімді басылымдарда сыни мақала, рецензия, эссе тәрізді сынның түрлі жанрларында жазылған жарияланымдарын тізбектеуге болады.

ҮЛГІСІ – АБАЙ, ҰРАНЫ – АЛАШ

Тұрсын Жұртбай – ұлттық әдебиеттануда қаламы қарымды жазушы, зерделі зерттеуші-ғалым ретінде танылған тұлға. Журналистикада ойы сергек публицист, көркем әдебиетте өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан жазушы, ғылымда әдебиет пен ұлттық тарихты сабақтастыра зерттеген ғалым ретінде оның шығармашылық жолы сан қырлы.

Қаламгердің сыншылық болмысын айқындайтын басты сипаттың бірі – шығармашылық тұлғаны оның тұтас әдеби ортасымен, дәуір тынысымен байланыста қарастыруы. Қаламгердің көркемдік ізденісіне баға бере отырып, оның шығарма табиғатын, авторлық ұстанымын, көркемдік шешімін ашуға ден қояды. Бұл ретте жазушының әдеби сыннан жинақтаған тәжірибесі кейінгі ғылыми-зерттеу еңбектерінің де табиғи арқауына айналды. Сыншы-ғалым ретінде Тұрсын Жұртбайдың назар аударған мәселелері де кең әрі күрделі.

Тұрсын Жұртбайдың ғылыми-шығармашылық ізденісінің негізгі арналарының бірі – абайтану мен әуезовтану. Ғалымның Абай тұлғасын бала шағынан бастап кемел ой иесі деңгейіне дейінгі қалыптасу жолымен сабақтастыра қарастырған «Абай», ақынның ішкі рухани әлемін тарихи-танымдық кеңістікпен байланыста зерделеген «Күйесің, жүрек... Сүйесің», Абайдың ақыл, қайрат, жүректің айтысынан бастау алатын «толық адам» концепциясын жаңаша пайымдаған «Толық адам», ақын шығармаларының мазмұндық, мәтіндік қырын қатар қарастырған «Ол боламын демейдер», «Білмей мұны жазған жок» және өзге де еңбектері зерттеушінің абайтану саласындағы ізденістерінің ауқымын кеңейтеді. Сөзіміздің айғағы ретінде аталған зерттеулердің ғылыми мәнін айқындаған әдебиеттанушы-фольклорист, профессор Сейіт Қасқабасовтың бағасын келтірсек, ғалым ойын былайша таркатады: «Бір тақырыпқа осыншама тұрақтылық танытып, ой қайталамай талдаудың өзі туынды иесінің таным жолындағы ізденісінің табандылығын танытады. ...әр монографиясының тақырыбы да тың әрі бірінің мазмұнын бір дамытып, тереңнен тамыр тартады».

Шын мәніндегі зерттеуші – әдебиеттің терең қатпарына үңілуімен, қаламгерлік борышын биік сезінуімен және жауапкершілікті берік ұстануымен

айқындалады. Сол себепті зерттеу нысанына үстірт қарамау, тақырып пен идея тұтастығын сақтау, шындықты астарлы түрде беру, сондай-ақ көркем туынды не тарихи-дерекнамалық еңбектің өмірлік материалына тән ақиқаттың тым әсте бұрмаланбауы негізгі қағида қатарына жатады. Мұны жете түсінген зерттеушінің «Бесігінді түзе!», «Бесігінді ая!», «Бесігінді аяла!», «Бесігінді ұмытпа!», «Бұзылған бесік», «Бейуақ», «Талқы» атты зерттеу жұмыстарында Мұхтар Әуезов тұлғасы тарихи кезең шындығымен байланыстырыла қарастырылады. Аталған зерттеулердің басты құндылығы – зерттеу нысанына алынған тарихи тұлғаның заман шындығы мен тарихи фактілер аясында қарастырылуында. Соған сәйкес, әуезовтану саласындағы ғалым еңбектерін ғылыми жүйелеу міндеті алға қойылды.

1966 жылы жарияланған «Абай шыңы – Мұхтар шыңы» мақаласы – зерттеушінің бір жағынан публицистикалық, бір жағынан әуезовтануға қатысты еңбегінің, қалам қарымының алғашқы жемісі. Қазақ әдебиетінің қос албын теңестіре отыра, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын сөз еткен бұл мақала – жас ізденімпаздың әдеби-танымдық қызығушылығынан бастау алған, кейін ғылыми жүйеге түскен ой-өрісінің тұңғыш көрінісі.

Ұланғайыр зерттеулер мен сыни пікірлердің, көлемді еңбектердің жазылуы Мұхтар Әуезовтің тарихи тұлғасы мен шығармашылық мұрасын қарастыруға кең жол ашты. Мұхтартанушылардың ізімен ғалым Тұрсын Жұртбай да әуезовтанудың келелі мәселелерін көтере білді.

«Бесігінді түзе!...» зерттеу еңбегінде автордың мына сөзі кездеседі: «Тамыр нәрін Абай топырағынан алған «асыл дән» сол шаңырақта «мәуесін» жайыл, жемісін берді. Ол «дән», ол «нәсіл» – ұлы ақынның сырласы Әуез қарттың немересі, «момын Омарханның» ұлы – Мұхтар болатын».



Міне, Тұрсын Жұртбайша, осы бір «дәннің» қазақ әдебиеті мен мәдениетіне «егіліп», сөз өнеріне қатысты дүниемен бірге тамырын жайғаны туралы, сол алып бәйтеректің кең тынысты тұлғасы мен сан-салалы еңбегі жайында сөз болады. Әуезов шығармашылығын зерттеуде «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Қаракөз», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану» сынды көркем туындылардың жазылу тарихы да назардан тыс қалмайды.

Көркем сөзден басталып, көлемді еңбектермен жалғасқан Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық жолы алаштану ғылымының өрісін кеңейтті, Алаш қозғалысын ұлт тарихындағы тарихи-рухани құбылыс ретінде тануға жол ашты. Осы ретте С. Қирабаевтың «Рух дулығасы» мақаласында қазақ әдебиетіндегі өткен буын мен бүгінгі ұрпақ арасын жалғаған тұлға ретінде бағаланған алаштанушы-ғалым Тұрсын Жұртбай ұлт тарихын түгендеу ісіне белсене араласты. Архив қойнауындағы «қан жылаған құжаттарды» өзара сабақтастыра отырып, «Ұраным – Алаш!...», «Алаш қозғалысы – Движение Алаш» атты іргелі зерттеулерін жариялады.

Ғалымның зерттеушілік позициясы «Ұраным – Алаш!...» зерттеуінің бастапқы беттерінен-ақ көрінеді. Қазақ халқының дербес ел болып өмір сүру құқығын негіздеп берген қайраткерлерді: «Ұлттық биліктен айырылып, өз қолынан өзінің ырқы кеткен соң да» (Абай) қазақтың қамын жеп, елінің мұң-мұқтажын жоқтай білді. Азаматтық мойынсынбауды, Рухани Тәуелсіздікті, Ұлт Азаттығын мұрат тұтты», деп сипаттай отыра, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу нысанына айналдырды. Ғалымның осы бағыттағы ғылыми қызметі, осылайша, архив деректерін іздестіру, іріктеу және мазмұндық тұрғыдан

жүйелеу үдерісімен байланысты болды. Зерттеушінің мұрағат материалдары негізінде жүргізген жұмысы төмендегідей төрт бағытта іске асты:

1. Құпия құжаттар мен жарияланбаған дереккөздерді игеру, тергеу материалдарын жүйелеу. Ғалымның өз зерттеулеріне сүйенсек, замана шындығын құжат арқылы тануға бағытталған ізденісі 1987 жылдардан бастау алады.

2. Архив құжаттарындағы тарихи оқиғалар жөніндегі мәліметтерді оқырманға деректік негізде ұсыну. Бұл жөнінде ғалым «Алаш қозғалысы» ұштағанында: «...белгілі бір тарихи оқиғалар туралы мәлімет берілмесе (мысалы, 1921-1922 жылғы бір миллионға жуық қазақтың өліміне себепкер болған ашаршылық туралы мұрағат құжаттары), қандай ашаршылық жөнінде айтылып отырғанын оқырман сезіне алмайтыны анық» – деп жзады.

3. Архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу. Құпия құжаттар ғалымның өз еңбектеріне ғана емес, іргелі зерттеулер мен көптомдық басылымдарға да негіз болды. Мәселен, М. Қойгелдиев жетекшілігімен жарық көрген «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» көптомдығының жетінші томында «Бейуақ», он алтыншы томында «Бұзылған бесік!...» зерттеулері жарияланды.

4. Алаш қайраткерлеріне қатысты тергеу материалдарын сұрыптап, түсініктемелеп, жүйелі түрде ұсыну. Көрсетінділер, тыңшылардың сипаттамалары, өзара жазысқан хаттар іріктеліп, қажетті тұсында түсінік пен ғылыми пікір берілді. Осылайша жинақталған деректер «Ұраным – Алаш!...», «Алаш қозғалысы – Движение Алаш», «Біртұтас Алаш идеясы», «Алаш ақиықтары», сондай-ақ «Бейуақ», «Талқы», «Бесігінді түзе!...» секілді еңбектеріне арқау болды. Бұл еңбектерден ғалымның әдебиет-

тану ғылымына қосқан үлесінің тарихи-деректік сипатымен ерекшеленетіні байқалады.

Ғалымның Алаш мұрасын жинақтау және жариялау жолындағы еңбегінің мәнді нәтижесі ретінде Алаш қайраткерлерінің есімдерінің ақталып, олардың шығармашылық мұрасының халықпен қайта қауышуын атауға болады. Бұл бағыт асқан жауапкершілік пен мұқияттылықты талап еткені белгілі. Осындай күрделі жолда Тұрсын Жұртбай табанды ғылыми ізденіс жүргізді. Мәселен, «Ұраным – Алаш!...» түрме әфсаналарының жариялануымен бірге ғұмыры, шығармашылығы мен қызметі зерттелген қайраткерлер қатарында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Ғаббас, Міржақып Дулатұлы, сондай-ақ Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Әлімхан Ермек, Мәннан Тұрғанбаев, Жақып Ақбаев, Даниал Ысқақов, Қошке Кемеңгерұлы, Мәжит Күдерин сынды тұлғалардың есімі мен еңбегі қайта жаңғырды.

Шынтауайтқа келгенде, ғалымның тергеу құжаттарын жинақтап-жариялау ісіндегі ерекшелігі – кеңестік кезеңдегі ұлт зиялыларын қудалау мен қуғын-сүргінге ұшырату саясатының астарын ашып көрсетуі мен оқырманға ұсынуында. Асылы, ақиқатты батыл жария ете білуінде қайсар мінез бен бүкпесіз өршіл рух жатқаны рас. Ғалымның авторлық жинақтары мен зерделі зерттеулері ұлт тарихындағы ақиқат жолды саралап бергендігімен, ұлтқа қызмет көрсетудің ерен үлгісін танытқанымен құнды. Осы тұрғыдан келгенде, Тұрсын Жұртбайдың ұраны «Алаш» екендігі аққа қара басқандай білінеді.

Олай болса, қазақ әдебиетінің сан-салалы жол торабында өзіндік қолтаңбасы мен қалам бедері айқындалған Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық еңбегінің нысаналы мақсаты – ұлттық руханияттағы тарихи шындықты әдеби-танымдық тұрғыдан зерделеу. Тарихи шындықты астарлы түрде суреткерлік шеберлікпен жеткізген прозасы да, тергеу мен түрме құжаттары арқылы тарихтың ақтаңдақ беттерін ашуға бағытталған ғылыми зерттеулері де аталмыш мақсатын нық танытады.

Бір қаламгер болмысында ақындық қабілет пен жазушылық дарын, ғалымға тән табандылық пен ізденімпаздық тоғысса, мұндай шығармашылық тұлға феномендік болмысымен ерекше. Әдебиет тарихының әр саласында тынымсыз еңбек еткен әрі сол еңбекке асқан жауапкершілікпен қараған Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық жолына тән басты сипат осы деп білеміз.

Аяжан ДӘУРЕНБЕК,
филология
ғылымдарының магистрі

ЭССЕНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Сөз өнерінің есігін өлеңмен ашып, ақындық сезім мен ғалымдық пайымды, жазушылық талғам мен публицистикалық ойды шебер тоғыстыра білген жазушы, ғалым-әдебиеттанушы Тұрсын Жұртбайдың шығармашылығында эссе жанрының да орны айрықша.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тұрсын Жұртбайдың эсселері – жай ғана ой толғау немесе «пәленнің көзін көрдім, бірге болдым» деген мағынадағы мазмұны мақтанға жуық шығармалар емес, керісінше қаламгердің ішкі әлемін, тарихи жадын, ұлттық танымын, адам мен қоғам туралы пайымын танытатын көркем-танымдық дүниелер. Жазушының «Жансар» деп аталатын эссе-естеліктер жинағынан біз осындай ой түйдік.

Ауызекі әңгіменің өзін қағаздан оқып отырғандай шешен тіл, шебер мәнермен жеткізіп, тыңдаушысын бірден баурап әкететін Тұрсын

Жұртбайдың шешендік болмысы дәл осы эссе жанрын жазғанда анық көрініс береді. Маймөңкелеп, орынсыз теңеулерді келсе-келмес тықпалап, сөзді әшекейлеуге әуестенбейтін оның сөз саптауында ауызша әңгімеге тән еркіндік пен жазба әдебиетке тән көркемдік қатар өріліп жатады. Яғни қаламын қолына алған сәттен бастап, ойын қалай бастаса, сол табиғи қалпында өрбітіп оқырманын «ойпырай-ә» дегізіп соңына дейін жетелеп отырады. Қарапайым ғана оқиғаның өзін әсерлі детальмен өрнектеп, ойдың салмағын дауыс ырғағы мен сөз екпіні арқылы сезіндіре біледі.

Оның қай эссесін оқысаңыз, сол шығармадан ең алдымен, автордың өз

дәуіріне, өз ортасына, ұлттың рухани болмысына деген азаматтық жауапкершілігі аңғарылады. Ол көргенін ғана баяндамайды, көргенінің мәніне үңіледі, білгенін ғана тізбелемейді, сол білімнің ар жағындағы адамдық, тарихи, рухани ақиқатты іздейді. Сондықтан да Жұртбай эсселеріндегі «мен» – дара тұлғаның өзін алға көрсететін мені емес, керісінше белгілі бір дәуірдің, ортаның, ұлттың рухани тәжірибесін таразылайтын «алдыңғыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер» болатын алтын арқау ретінде айшықталады. Яғни оның шығармаларындағы «мен» автордың жеке естелігінен басталғанымен, одан әрі жеке адам шеңберінен шығып, тұтас бір дәуірдің рухани шежіресіне ұласады.

12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ



ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Елордада жастардың білім алуына, жұмыспен қамтылуына, өзін-өзі дамытуға және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасып жатыр.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраевтың айтуынша, басым бағыттардың бірі – жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 4 мыңнан астам жас қамтылды.

– Биыл жастар мен азаматтардың өзге де санаттарын жұмыспен қамту мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған 19 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. «Жасыл ел» жобасы белсенді түрде іске асуда. Соның нәтижесінде екі ай ішінде 3725 жас жұмыспен қамтылды. Маусым соңына дейін 5200 қатысушыны жұмыспен қамтамасыз ету жоспарлануда. Joltar және «Freelance мүмкіндік» жобалары аясында сұранысқа ие 17 мамандық пен цифрлық құзыреттер бойынша қысқамерзімді оқыту жүргізілуде. Бірінші жартыжылдықта жұмысшы мамандықтары бойынша 1843 адам, цифрлық дағдылар бойынша 1162 адам оқытудан өтті. 2026 жылдың соңына дейін 8 мыңнан астам маманды даярлау жоспарланып отыр. Қоршаған ортаны қорғау және экология мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне жастарды жұмылдыруға бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» экология акциясын іске

